

«2024 жылдың қаңтар айындағы  
әлеуметтік-экономикалық даму қорытындысы  
және республикалық бюджеттің атқарылуы туралы»  
ҚРҰБ Төрағасының орынбасары  
Ақылжан Баймағамбетовтің  
ҚР Үкіметі отырысындағы  
баяндамасы  
Астана қ., 2024 жыл, 13 ақпан

**Құрметті Олжас Абайұлы!**

**Құрметті әріптестер!**

**2-СЛАЙД. ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ІСКЕРЛІК БЕЛСЕНДІЛІК**

Қазақстанда іскерлік белсенділік индексі өткен айда **49,7** белгісіне дейін жақсарды. **Қызметтер** секторындағы көрсеткіш – **50,6**, **өндірісте – 50,5**-ті құрап, оң аймақта қалды.

**Бизнес-климат** индексі оң қалпында қалды. Оған кәсіпорындардың **болашақ бизнес жағдайлары** бойынша күтулерінің жақсаруы ықпал етіп отыр.

**3-СЛАЙД. ИНФЛЯЦИЯ**

Қаңтар айында **жылдық инфляция 9,5%-ке** дейін баяулады. 2023 жылдың қорытындысы бойынша, инфляцияның төмендеуі биылғы қаңтар айында базалық ставканы төмендетуге мүмкіндік берді. Ол қаңтарда **50 базалық тармаққа 15,25%-ке** дейін төмендетілді.

Ал жылдық инфляцияның төмендеу қарқыны баяулап келеді. Қаңтар айындағы айлық инфляция алдыңғы орташа мәндерден жоғары қалыптасты.

Қалыптасқан инфляциялық ахуал дезинфляциялық

саясаттың жалғасуын талап етеді.

#### **4-СЛАЙД. ТЕҢГЕНІҢ АЙЫРБАСТАУ БАҒАМЫНЫҢ ДИНАМИКАСЫ**

Биыл қаңтар айында **теңге** бағамы 1 АҚШ доллары үшін **448,17** теңгеге дейін **1,4%-ке нығайды**.

Жыл басынан Ұлттық қордан республикалық бюджетке трансферттерді қамтамасыз ету үшін **валюта сату** теңгеге едәуір қолдау көрсетті. Оның көлемі **1 млрд-тан** астам АҚШ долларын құрады.

Жыл басынан мемлекеттік бағалы қағаздар нарығына бейрезиденттердің капитал ағыны **194 млн** доллар болды.

Ұлттық қордан валюта сату көлемінің өсуіне және сату көлемінің теңге бағамының конъюнктурасына әсер етуіне байланысты салымшылар мүддесі үшін **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының** зейнетақы активтерін инвестициялауға белсенді түрде **валюта сатып алу** туралы шешім қабылданды. Осыған орай ақпан айында **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорына** валюта сатып алу көлемі **200 млн** доллардан **400-500 млн** долларға дейін ұлғайды.

Ұлттық Банк **икемді бағам белгілеу** режимін ұстануды жалғастырады және **валюталық интервенциялар жүргізбейді**.

#### **5-СЛАЙД. ХАЛЫҚАРАЛЫҚ РЕЗЕРВТЕР**

**Жалпы халықаралық резервтер** қаңтар айының соңында **96,1 млрд** долларды құрады.

Ұлттық Банктің **алтын-валюта резервтері** жыл басынан **36,7 млрд** долларға дейін **1,9%-ке ұлғайды**. Ұлттық Банктің

валюталық шоттарында екінші деңгейлі банктердің қаражатынан мол қалдық қалған еді, бұл – соған байланысты.

**Ұлттық қордың активтері** жыл басынан **1%-ке** төмендеп, **59,4 млрд АҚШ долларын** құрады. Бұл төмендеу «Ұлттық қор – балаларға» бағдарламасы бойынша міндеттемелерді есептеуге байланысты.

Дегенмен, қаңтар айындағы **инвестициялық табыс 18 базалық тармақты** немесе **0,11 млрд АҚШ долларын** құрады.

Қаңтар айында Ұлттық қорға түскен қаражат **472 млрд** теңгені құрады, оның ішінде **31 млрд** теңге – ұлттық валютада. **Ұлттық қордан** республикалық бюджетке берілетін трансферттер көлемі **600 млрд** теңге болды.

#### **6-СЛАЙД. ҰЛТТЫҚ ҚОР – БАЛАЛАРҒА**

«Ұлттық қор – балаларға» жобасы аясында **бағдарлама операторы** саналатын **Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры** Әділет министрлігінің деректер базасымен балалардың жалпы санын **салыстырып тексерді**. **Барлық балаға** валюталық шоттар ашылды. **Өмірге жаңа келген** балаға шот ашу процесі **автоматтандырылды**. **Жыл сайын** қаражат **аудару механизмі** әзірленді.

Биыл **барлық баланың шотына 696 млн доллар есептелді**. Осы жылы бағдарлама операторының (Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының) шотына 2024 жылы кәмелетке толған балаларға **30,6 млн доллар аударылды**.

**7-СЛАЙД. БІРЫҢҒАЙ ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ҚОРЫНЫҢ ЗЕЙНЕТАҚЫ АКТИВТЕРІ**

**Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қорының зейнетақы активтері** оң динамиканы көрсетуде. Олар қаңтар айында **18,1 трлн** теңгеге дейін **1,5%-ке** өсті. Жыл басынан инвестициялық табыс көлемі **112,6 млрд** теңгені құрады. Зейнетақы жарналары **186,9 млрд** теңге, ал жарнаны мерзімінен бұрын алу сомасы **34,0 млрд** теңге болды.

**Құрметті Олжас Абайұлы!**

Ұлттық Банк сыртқы және ішкі нарықтардағы жағдайдың дамуын бақылап, экономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету және инфляцияны одан әрі төмендету бағытындағы жұмыстарды жалғастырады.

**Назарларыңызға рақмет!**